

МАЭК

«МАЭК» ЖШС КОРПОРАТИВТІК БАСЫЛЫМЫ



Жөндеу жұмыстары жалғасуда

1-2



С днём эколога!

2-3



Жас келсе, іске

5-7



2025 - год рабочих профессий

13-14



Жазғы лагерь

15-16

ҰЛТТЫ БІРІКТІРЕТІН РӘМІЗДЕР



Ту, Елтаңба және Әнұран - Қазақстан Тәуелсіздігінің, бостандығы мен бірлігінің нышандары. Олардың әрқайсысы халықтың тарихын, мәдениеті мен құндылықтарын бейнелейді.

Жыл сайын 4 маусымда аталып өтетін Мемлекеттік рәміздер күні – бұл жәй ғана мереке емес, сонымен қатар, миллиондаған қазақстандықтарды біріктіретін, егемендігімізді айғақтайтын рәміздердің маңыздылығын еске салатын күн. Мемлекеттік Ту, Елтаңба және Әнұран - әрбір азаматтың жүрегінде мақтаныш сезімін ұялататын қастерлі нышандар.

Олар - халқымыздың өткені мен бүгіні, болашаққа деген сенімінің белгісі.

Қазақстан Республикасының әрбір азаматы өз елінің мемлекеттік рәміздерін білуге және құрметтеуге тиіс.

СИМВОЛЫ, ОБЪЕДИНЯЮЩИЕ НАЦИЮ

Флаг, герб и гимн — символы независимости, свободы и единства Казахстана. Каждый из них отражает историю, культуру и ценности народа.

День государственных символов, отмечаемый ежегодно 4 июня, напоминает о важности уважения к тем знакам, которые объединяют миллионы

казахстанцев. В этот день государственные символы приобретают особую силу: флаг вдохновляет, гимн объединяет, а герб напоминает о корнях и традициях.

Пусть уважение к государственным символам будет прочной основой нашей любви к Родине.

ЭНЕРГИЯ БЛОГЫН КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ АЯҚТАЛУҒА ЖАҚЫН



Кестеге сәйкес сәуір айының басында басталған ЖЭС №2 энергия блогын күрделі жөндеу аяқталуға жақын. Бүгінгі таңда орындалған жұмыс көлемі 82% құрайды.

Турбоагрегатты күрделі жөндеу мердігер ұйымның күшімен жүзеге асырылуда. Жөндеу жұмыстары барысында бу турбинасының реттеу жүйелері мен ағын бөлігі жөнделді, генератор жөнделіп, сынақтан өткізілді, май жүйесі жуылып, тазаланды және қосалқы жабдықтар жөндеуден өткізілді. Барлық іс-шаралар техникалық регламенттерге және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес жүргізілуде.

Кәсіпорынның бас директоры Кеңес Орақов Жылу электр станциясында болып, №2 энергия блогындағы жөндеу жұмыстары барысымен танысты. Станция басшысы Сергей Раков жоспарланған жұмыстардың ойдағыдай жүргізіліп жатқанын және қазандық агрегаты мен энергоблоқтың қосалқы жабдықтарын жөндеу жұмыстарын мердігер ұйыммен бірге комбинаттың Жөндеу зауыты жүргізіп жатқанын айтты. Орындалатын жұмыстардың сапасына және мерзімдердің сақталуына ерекше назар аударылуда.

Энергоблоқты күрделі жөндеуді аяқтау Маңғыстау энергожүйесін және жалпы ҚР БЭЖ батыс аймағын энергиямен жабдықтаудың сенімділігін қамтамасыз етеді.

КАПИТАЛЬНЫЙ РЕМОНТ ЭНЕРГОБЛОКА БЛИЗИТСЯ К ЗАВЕРШЕНИЮ

Подходит к завершению капитальный ремонт энергоблока №2 ТЭС, который, согласно графику, был начат в начале апреля. На сегодняшний день объем выполненных работ составляет 82%.

Капитальный ремонт турбоагрегата осуществляется силами подрядной организации. В объеме работ выполнен ремонт проточной части и систем регулирования паровой турбины, ремонт и испытание генератора, проведена промывка маслосистемы и ремонт вспомогательного оборудования. Все мероприятия проводятся в соответствии с техническими регламентами и требованиями промышленной безопасности.

С ходом работ по ремонту энергоблока №2 ознакомился генеральный директор комбината Кинис Ураков. Директор ТЭС Сергей Раков отметил, что параллельно силами ремонтного завода МАЭК ведутся работы по капитальному ремонту котлоагрегата и вспомогательного оборудования энергоблока. Особое

внимание уделяется качеству выполняемых работ и соблюдению сроков.

Завершение капитального ремонта энергоблока обеспечит надежность энергоснабжения Мангистауского энергоузла и Западной зоны ЕЭС РК в целом.



ЖЭО-1 ГАЗ ҚҰБЫРЫ: ЖОСПАРЛЫ ЖӨНДЕУ



Мамыр айының үшінші онкүндігінде жылу маусымы аяқталып, жылу желілеріне гидравликалық сынақтар жүргізілгеннен кейін күзгі-қысқы кезеңге дейін (өткен жылы) басталған ЖЭО-1-дегі №4, 5, 6 және 7 қазандық агрегаттарының газ құбырында күрделі жөндеу жұмыстары қайтадан басталды. Жұмыс барысында ескі газ құбырының конструкциялары бөлшектелді. Одан кейін бағандарды нығайтып, жаңа кірпіш қабырғалар тұрғызу жоспарлануда. Жөндеу жұмыстарын аяқтау жаздың соңына жоспарланған.

Жөндеу қазандықтардан түтін газдарының тартылуын едәуір жақсартады, бұл станция жабдықтарының тиімді жұмысын қамтамасыз етеді, дейді мамандар.

ГАЗОХОД ТЭЦ-1: ПЛАНОВЫЙ РЕМОНТ

В третьей декаде мая, после окончания отопительного сезона и проведения гидравлических испытаний тепловых сетей, возобновлен капитальный ремонт на газоход котлоагрегатов №4, 5, 6 и 7 на ТЭЦ-1, которые были начаты в прошлом году. В рамках работ был проведен демонтаж старых конструкций газохода. В настоящее время ведется усиление колонн и возведение новых кирпичных стен. Завершение ремонтных работ намечено на конец лета.

Ремонт позволит значительно улучшить тягу дымовых газов из котлов, что положительно скажется на эффективности работы оборудования станции, говорят специалисты.



МЕРЕКЕДЕГІ МАРАПАТ

5 маусым күні — еліміздің экологтары өздерінің кәсіби мерекесін атап өтті. Осы айтулы күн аясында «МАЭК» ЖШС ӨҚБ қоршаған ортаны қорғау бөлімінің қызметкерлері жоғары кәсібилігі, көп жылдық еңбегі мен кәсіпорынның экологиялық қауіпсіздігіне қосқан елеулі үлесі үшін Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Бас директордың Әлеуметтік және корпоративтік мәселелер жөніндегі орынбасары Ерқанат Ибадуллаев кәсіпорын басшысы Кинис Орақовтың құттықтауын жеткізіп, марапаттарын табыстады. Бөлім басшысы Ольга Маркина да өз міндеттерін жауапкершілікпен атқарып, үнемі қолдап жүрген әріптестеріне ризалығын

білдіріп, төл мерекелерімен құттықтады.

Барша экологтарды кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтаймыз!



НАГРАДЫ К ПРАЗДНИКУ

5 июня, свой профессиональный праздник отметили экологи страны. Сотрудники отдела охраны окружающей среды УПБ ТОО «МАЭК» в этот день были отмечены почётными грамотами за высокий профессионализм, многолетний труд и весомый вклад в экологическую безопасность предприятия.

Поздравления и слова признательности от имени

генерального директора Киниса Уракова передал заместитель по социальным и корпоративным вопросам Еркәнат Ибадуллаев. А руководитель отдела Ольга Маркина поблагодарила свою команду за труд, преданность делу и сплоченность.

Поздравляем всех экологов с праздником! Пусть ваша работа вдохновляет других беречь то, что действительно важно.



МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕРЕКЕСІ

Медицина қызметкерлерінің күні дәстүрлі түрде маусымның үшінші жексенбісінде атап өтіледі. Бұл кәсіпқойлық, шыдамдылық пен жанашырлықпен күнделікті адамдардың денсаулығына қамқорлық жасайтындардың мерекесі.

2020 жылдан бастап МАЭК-те өзінің медициналық қызметі жұмыс істейді. Оның құрамында фельдшерлер, санитарлар, медбикелер, бір дәрігер және бір мейіргер, барлығы 21 маман еңбек етеді. Команда кәсіпорын қызметкерлеріне уақтылы медициналық көмек көрсетуді жүзеге асырады.

2018 жылға дейін кәсіпорынға қарасты емхана жұмыс істеп, онда қызметкерлер тиісті медициналық тексеруден өтіп, қажет болғанда дәрігерлердің қабылдауына баруға мүмкіндіктері болды. Алайда, емхана дәлелді себептермен өз жұмысын тоқтатты. Кейін медициналық қызмет денсаулық сақтау пункттері арқылы ұйымдастырылды.

Сондай-ақ, 5 жыл бұрын құрылған комбинаттың медициналық қызметі де табысты жұмыс істеп келеді. Медицина мамандары қажет болған жағдайда алғашқы медициналық көмек көрсетіп

қана қоймай, төтенше жағдайларға дайындық пен қауіпсіздік деңгейін арттыруға бағытталған оқу іс-шаралары мен жаттығуларға да қатысады.

Медициналық қызмет ұжымын кәсіби мерекелерімен құттықтап, кәсіпорын қызметкерлерінің денсаулығы мен қауіпсіздігін сақтауға қосқан маңызды үлестері үшін алғысымызды білдіреміз!



ДЕНЬ МЕДИЦИНСКОГО РАБОТНИКА

День медицинского работника традиционно отмечается в третье воскресенье июня. Это праздник тех, кто ежедневно заботится о здоровье людей, проявляя профессионализм, терпение и сострадание.

С 2020 года на МАЭК действует собственная медицинская служба. В её составе — 21 специалист: фельдшеры, санитарки, медицинские сёстры, один медицинский брат и один врач. Команда обеспечивает своевременное оказание медицинской помощи сотрудникам предприятия.

Ранее за предприятием была закреплена поликлиника, где работники проходили медосмотры и необходимые обследования. Однако в 2018 году она

прекратила свою деятельность. После медобслуживание было организовано через здравпункты.

Уже 5 лет успешно работает медицинская служба комбината. Ее специалисты не только оказывают первую медицинскую помощь при необходимости, но и участвуют в учебных мероприятиях и тренировках, направленных на повышение уровня безопасности и готовности к чрезвычайным ситуациям.

Поздравляем коллектив медицинской службы с профессиональным праздником и благодарим за важный вклад в сохранение здоровья и безопасности сотрудников предприятия!

АРДАГЕРГЕ ҚҰРМЕТ



26 маусым күні кәсіпорынның Бас директоры Кинис Ораков МАЭК ардагерлер кеңесінің төрағасы Ольга

Григорьевна Шабунинаны туған күнімен құттықтады. Комбинат басшысы туған күн иесіне құттықтау папкасы мен гүл шоқтарын табыс етіп, ұжымның атынан зор денсаулық, отбасына амандық тіледі.

Комбинатта 40 жыл еңбек еткен Ольга Григорьевна соңғы жылдарда кәсіпорынның жергілікті кәсіподағын басқарды. Кейін МАЭК ардагерлер кеңесінің төрағасы болып тағайындалып, құрметті демалыстағы ардагерлермен тығыз байланыста жұмыс жүргізіп келеді. Ол кәсіпорынның бұрынғы қызметкерлерін толғандыратын барлық мәселелерінен хабардар және мүмкіндігінше оларды шешуге көмектеседі. Бос уақытын ол отбасымен өткізуге тырысады, балаларына көмектесіп, немерелерін мейірімге бөлейді.

Ольга Григорьевнаны туған күнімен құттықтаймыз!

Сізге зор денсаулық, ұзақ өмір, қуаныш пен сарқылмас күш қуат тілейміз!.

ПОЧЕТ ВЕТЕРАНУ

26 июня генеральный директор Кинис Ураков поздравил с днём рождения председателя Совета ветеранов МАЭК Ольгу Григорьевну Шабунину. Руководитель комбината лично вручил имениннице поздравительную папку и букет цветов, пожелал крепкого здоровья, благополучия и всего самого наилучшего.

Ольга Григорьевна посвятила работе на комбинате почти 40 лет. В завершении своей трудовой деятельности возглавляла Локальный профсоюз.

Сейчас, находясь на заслуженном отдыхе, она с любовью занимается внуками, но по-прежнему остаётся в тесной связи с коллегами-ветеранами. Она в курсе всех вопросов и забот, волнующих бывших работников предприятия, и, по возможности, помогает в их решении.

Поздравляем Ольгу Григорьевну с днём рождения! Желаем крепкого здоровья, долгих лет жизни, радости и неиссякаемой энергии.

БАҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КӘСІБИ МЕРЕКЕМЕН МАРАПАТТАЛДЫ



27 маусым күні Маңғыстау облысында Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күніне арналған салтанатты жиын өтті. Айтулы шараға облыс әкімі Нұрдаулет Қилыбай қатысып, өңірдің журналистика саласының өкілдерін кәсіби мерекелерімен құттықтады.

Өңір басшысы журналистиканың қоғамдағы маңызын ерекше атап өтіп, отандық ақпарат кеңістігін дамытудағы тілшілер қауымының еңбегін жоғары бағалады.

Мерекелік жиын барысында өңірлік журналистика саласының дамуына сүбелі үлес қосқан бірқатар сала ардагерлері мен кәсіби мамандар мемлекеттік және салалық марапаттарға ие болды.

Көп жылғы адал еңбегі және өңірлік журналистикаға қосқан үлесі үшін марапатталғандар қатарында «МАЭК» ЖШС Қоғаммен байланыс жөніндегі маманы Байназарова Гүлбаршын Шәкенбайқызы бар. Еңбек жолын аудандық газет редакциясында бастаған ол Аль-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің Журналистика факультетін тәмамдаған соң, облыстық телевизия мен радиода, одан соң «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ баспасөз қызметінде жұмысын жалғастырды.

Гүлбаршын Шәкенбайқызы саналы ғұмырының 40 жылдан астам уақытын журналистика мен медиасфераға арнады. 2008 жылдан бастап «МАЭК» ЖШС баспасөз қызметінде табысты еңбек етіп келеді. Комбинаттың еңбек сіңірген қызметкері, бірнеше рет облыс, қала және комбинат басшылығының Алғыс хаттарымен және Құрмет грамоталарымен марапатталған.

С ПРОФЕССИОНАЛЬНЫМ ПРАЗДНИКОМ ПОЗДРАВИЛИ РАБОТНИКОВ СМИ

27 июня в Мангистауской области состоялось торжественное собрание, посвященное Дню работников средств массовой информации. В мероприятии принял участие аким области Нурдаулет Килыбай, поздравив представителей журналистской сферы региона с профессиональным праздником.

Глава региона подчеркнул значимость СМИ в обществе и высоко оценил работу журналистского сообщества по развитию отечественного информационного пространства.

В ходе торжественного собрания ряду ветеранов сферы и профессионалов, внесших значительный вклад в развитие региональной журналистики, были вручены государственные и отраслевые награды.

В частности, за многолетний добросовестный труд и вклад в региональную журналистику была награждена специалист по связям с общественностью ТОО «МАЭК» Байназарова Гульбаршын Шакенбаевна. Свою трудовую деятельность она начала в редакции районной газеты. А после окончания Казахского государственного университета им. Аль-Фараби по специальности «Журналистика» продолжила работать

на областном телевидении и радио, в пресс-службе АО «Мангистаумұнайгаз».

Более 40 лет Гульбаршын Шакенбаевна посвятила журналистике и медиасфере. С 2008 года успешно трудится в пресс-службе энергопредприятия. Является заслуженным работником комбината, неоднократно отмечена благодарственными письмами и почетными грамотами от руководства области, города и комбината.



ЖАС КЕЛСЕ ІСКЕ



Алмас Бейбітұлы Тұрашев кәсіпорынның маңызды бөлімшелерінің бірі Желілер мен қосалқы станциялар цехының басшысы. Ол 2009 жылы Алматы энергетика және байланыс институтын Өнеркәсіптік кәсіпорындарды электрмен жабдықтау мамандығы бойынша тәмамдағаннан кейін «МАЭК» ЖШС-нің Желілер мен қосалқы станциялар цехында 5-разрядты қосалқы станцияларға қызмет көрсету электромонтері болып еңбек жолын бастады. Цехта жұмыс істеген жылдарда ол кәсіби өсудің барлық кезеңдерінен өтіп, жоғары білікті маман, өндірістік жұмыстарды ұйымдастыра алатын, күрделі техникалық мәселелерді шеше алатын тәжірибелі маман болып қалыптасты. Бүгінде ол өзі көп жыл еңбек еткен цехтың басшысы қызметін атқаруда.

Жас та болса бас болып жүрген Алмас өзі таңдаған мамандығын толық игеріп, абыроймен атқарып жүрген білікті маман, ұжымдастары құрмет тұтатын сыйлы азамат. Алмас Бейбітұлы өңіріміздің энергетика саласына, сондай-ақ, кәсіпорынның дамуына қосқан үлесі үшін қалалық әкімшілік және комбинат басшылығы тарапынан бірнеше мәрте Алғыс хаттармен марапатталған. Біз бүгін маңызды бөлімшенің мақтаулы басшысымен сұхбаттасып, бірнеше сұрақтар қойдық.

Сіз МАЭК-ке бірнеше жыл бұрын жас маман болып келдіңіз, бүгінде тұтас цехты басқарып отырсыз. Осындай кәсіби өрлеуіңіздің басты кілті неде деп ойлайсыз?

Менің кәсіби өсіп, цех басшысы дәрежесіне жетуімнің басты себебі - ең алдымен ата - анам мен отбасымның қолдауы, сенім артуы, сонан соң үнемі жаңаны үйренуге деген ұмтылыс және өз ісіме деген жауапкершілік пен адалдық деп ойлаймын. Әрбір тапсырмаға шынайы ықыласпен карап, қиындықтан қашпай, жұмыс барысында кездесетін кедергілердің оңтайлы жолдарын іздеп, шешімін таппай өз өзіме көңілім толмайды. Сонымен қатар, мен үшін ұжыммен дұрыс қарым-қатынас орнату да өте маңызды рөл атқарды. Бірге жұмыс істейтін адамдарға сенім артып, ортақ мақсат үшін жұмылып, ұйымдастыра білу – үлкен жетістіктің кепілі деп білемін.

Осы жылдар ішінде мақтанышпен еске алатын ерекше сәт немесе жетістігіңіз бар ма?

Электр энергетикасы саласында – әрбір тұтынушыны апатсыз, үздіксіз электр қуатымен қамтамасыз ету оның өзі үлкен жетістік әрі көрсеткіш. Әрине, есте қаларлық сәттер көп. Соның ішінде айтарлықтай жетістігім, ол «Л-110-С-1.2 өткізу қабілетін арттыру және талшықты-оптикалық байланыс желілерін тарту» жобасын сәтті аяқтауымыз. Бұл тек менің ғана емес, бүкіл ұжымның еңбегінің нәтижесі.

Қазіргі заманғы энергетик үшін техникалық білімнен бөлек 3 аса маңызды қасиетті атаңызшы?

Біріншіден – адалдық пен жауапкершілік.

Екіншіден – командамен жұмыс жасай білу.

Үшіншіден – үнемі дамуға және жаңаны үйренуге жалықпау.

Жұмысқа қатысты күрделі, қиын жағдайлар туындаған кезде өзіңізді және ұжымды қалай қолдайсыз?

Мұндай сәттерде ең алдымен салқын қандылық танытып, сабыр сақтауға тырысамын. Ұжымды сабырға шақырып, мәселені кезең-кезеңімен шешуге көңіл бөлемін. Мамандармен бірге мәселелерді егжей-тегжейлі ашық қарастырып, талқылап, өз істері мамандарының пікірлерін тыңдай отырып ортақ шешім қабылдаймын. Ең бастысы, бәріміз бір команда екенімізді ұжымға әрдайым ескертіп жүремін.

Егер еңбек жолыңызды қайта бастауға мүмкіндік тұса, осы жолды қайта таңдар ма едіңіз? Таңдасаңыз, неліктен?

Әрине, мен бұл жолды қайтадан таңдар едім. Себебі энергетика саласы мені шынымен

қызықтырады және мен өз ісімнің қоғам үшін қаншалықты маңызды екенін білемін. Бұл салада 15 жылдан астам уақыт еңбектеніп келемін, мен өз орнымды таптым деп ойлаймын.

Егер желілер мен қосалқы станциялар цехының жұмысы бір күнге тоқтап қалса, не болар еді?

Бір күнге дейсіз бе? Егер цех жұмысы тек бір сағатқа токтаса да, бұл өте үлкен проблемаға әкелер еді. Электр энергиясының тоқтауы тұтынушыларға, өндіріс орындарына, жалпы Маңғыстау өңіріне орасан зор зардабын алып келеді. Қаланы ауыз сумен қамтамасыз ету тоқтайды. Сондықтан бір күнге тоқтау деген ол мүмкін емес, оған жол берілмеуі керек. Біздің жұмысымыздың қаншалықты маңызды екенін осыдан-ақ көруге болады.

Сіз кәсіби маман ретінде жас мамандарды тәжірибеден өткізіп, мамандығын меңгеруге атсалысасыз. Тәлімгерлікке қатысты жеке қағидаттарыңыз бар ма?

Біздің мамандық қателікті кешірмейді,

сондықтан жұмыс қауіпті болғандықтан білім деңгейі мен техникалық қауіпсіздік ережелерін талап етуде өте қаталмын. Әрине сонымен бірге жас мамандарға дұрыс бағыт-бағдар беріп, қолдау көрсетіп отыру да қажет. Әрқашан әріптестерім үшін есігім ашық, қандай мәселемен болса да қабылдауға тырысамын, себебі кез келген маман өзін жалғыз сезінбеуі керек.

Жұмыстан бос уақытыңызды қалай өткізгенді ұнатасыз?

Бос уақытымды отбасыммен және достарыммен өткізуге тырысамын. Сондай-ақ ағылшын тілін меңгерумен шұғылданамын, шаршағанда жүзу және волейбол спортымен айналысамын. Табиғатқа шығу да - мен үшін жақсы демалыс.

Алмас, бізбен әңгімелесуге уақыт бөлгеніңіз үшін үлкен рахмет! Өзің басқарып отырған ұжымның халық игілігі жолында атқарып жатқан қызметіне табыс тілейміз. Ал өзіңе мықты денсаулық, еңбек жолыңа жемісті қадамдар тілейміз!

КОГДА МОЛОДОСТЬ – В ДЕЛЕ



Алмас Бейбитович Турашев — руководитель одного из ключевых подразделений предприятия — Цеха сетей и подстанций. В 2009 году он окончил Алматинский институт энергетики и связи по специальности «Электроснабжение промышленных предприятий», а трудовую деятельность в ТОО «МАЭК» начал в ЦСП — электромонтером по обслуживанию подстанций 5-го разряда.

За годы работы в цехе Алмас прошёл все этапы профессионального роста, став высококлассным специалистом, способным грамотно организовать производственные процессы и решать сложные

технические задачи. Сегодня он возглавляет цех, где прошёл свой путь от молодого сотрудника до руководителя. Несмотря на возраст, Алмас — опытный и уважаемый профессионал, пользующийся авторитетом среди коллег.

За вклад в развитие энергетической отрасли региона и предприятия он неоднократно награждён благодарственными письмами от руководства комбината и администрации города. Мы побеседовали с Алмасом Бейбитовичем и задали ему несколько вопросов.

Когда-то вы пришли на МАЭК молодым специалистом, а сегодня руководите целым цехом. Каков, на ваш взгляд, главный ключ к такому профессиональному росту?

Прежде всего — это поддержка и доверие моей семьи и родителей. Немаловажную роль сыграли стремление к постоянному обучению, ответственность за дело и искреннее отношение к работе. Стараюсь подходить к каждой задаче с полным вниманием и не избегаю сложностей, а наоборот — ищу оптимальные решения. Очень важно и умение выстраивать доверительные отношения в коллективе, где общий результат достигается только совместными усилиями.

Есть ли среди пройденного за эти годы

момент или достижение, которым вы особенно гордитесь?

В электроэнергетике уже само по себе достижение — это бесперебойное и надёжное электроснабжение потребителей. Если говорить о конкретных успехах, горжусь удачной реализацией проекта «По увеличению пропускной способности Л-110-С-1.2 и прокладке волоконно-оптических линий связи». Это была работа всего нашего коллектива.

Какие три качества, помимо технических знаний, особенно важны для современного энергетика?

Во-первых — честность и ответственность.

Во-вторых — умение работать в команде.

В-третьих — постоянное стремление к развитию и новым знаниям.

Как поддерживаете себя и команду в сложных или стрессовых ситуациях на работе?

Главное — сохранять спокойствие и самообладание. Важно не паниковать, а поэтапно разбирать ситуацию. Всегда открыто обсуждаем проблемы с коллегами, учитывая мнение каждого специалиста, чтобы прийти к оптимальному решению. И, конечно, напоминаю команде, что мы единое целое.

Если бы у вас была возможность снова выбрать профессию, остались бы в этой сфере?

Несомненно, выбрал бы этот путь снова. Энергетика — это то, что мне действительно интересно, и я понимаю, насколько важна моя

работа для общества. Уже более 15 лет я в этой отрасли и чувствую, что нашёл своё место.

Что бы произошло, если бы Цех сетей и подстанций остановился хотя бы на один день?

Остановка даже на один час привела бы к серьёзным последствиям. Прекращение подачи электроэнергии скажется на производстве, жизнеобеспечении региона, встанет система водоснабжения. Полный день простоя — это просто недопустимо. Мы все осознаём важность своей работы.

Какой у вас подход к наставничеству молодых специалистов?

В нашей профессии нет права на ошибку, поэтому я строго подхожу к вопросам уровня знаний и соблюдения техники безопасности. Молодым специалистам всегда готов помочь освоиться, поддержать советом или просто выслушать. Двери моего кабинета всегда открыты.

Чем любите заниматься в свободное от работы время?

Стараюсь проводить время с семьёй и друзьями. Учю английский язык, занимаюсь плаванием и волейболом. Люблю отдыхать на природе — это помогает восстановить силы.

Алмас Бейбитович, благодарим вас за беседу! Желаем вам дальнейших успехов в работе на благо коллектива и жителей региона. Крепкого здоровья и новых профессиональных достижений!

ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ - АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ



МАЭК ұжымы кәсіпорында ұзақ жылдар еңбек етіп, ел ризығы үшін, кәсіпорынның бүгіні мен болашағы

үшін маңдай тер төгіп жүрген тәжірибелі мамандарды әрдайым мақтан етеді.

Сондай майталман қызметкерлердің бірі - Әшім Аян Әшімұлы. Ол осы кәсіпорында 37 жыл бойы үзіліссіз еңбек етіп келеді. Ол қарапайым слесарь қызметінен бастап Орталықтандырылған жөндеу цехының бастығы лауазымына дейінгі сатыдан абыроймен өтіп, кәсіби шеберлігімен, көшбасшылық қасиетімен және адами болмысымен ұжым арасында зор беделге ие болды.

Аян Әшімұлы 1970 жылы Маңғыстау облысының Үштаған ауылында дүниеге келген. 1988 жылдың 15 тамызында МАЭК кәсіпорнында слесарь-жөндеуші болып еңбек жолын бастады. Өз білімін жетілдіруге және кәсіби тұрғыда өсуге деген ұмтылысы арқасында 1999 жылы мастер, 2014 жылы Жөндеу зауытының Орталықтандырылған жөндеу цехы бастығының

орынбасары, ал 2015 жылдан бастап осы цехтың бастығы қызметіне тағайындалды.

Оның басшылығымен жұмыскерлер ДӨЖӨЖСЖЗ күрделі, ағымдағы және апаттық жөндеу жұмыстарын жоғары деңгейде атқаруда. Цехтың 97 қызметкері зауыттың су тұшыту қондырғалары жабдықтарын, қажет болған жағдайда басқа да негізгі станцияларда монтаждау бригадаларының құрамында жұмыс істейді.

Аян Әшімұлы басшылық қызметінде өз ісіне және әріптестеріне талап қоя білетін, жұмысты тиімді ұйымдастыра білетін тәжірибелі маман ретінде танылды. Ол – өндіріске, ұжымға, кәсіпорынға деген адалдықты өмірлік ұстаным еткен азамат. Әріптестері оны сабырлы мінезі, сенімділігі мен әділдігі үшін ерекше құрметтейді. Ол өзінің қарапайым болмысымен де, білікті басшылығымен де көпке үлгі.

– Мен үшін ең маңыздысы – еңбегіміздің нақты нәтижесін көру. Қала тұрғындарына жарық пен жылу, тіршілікке қажетті су үздіксіз беріліп тұрса, бұл – біздің ортақ еңбегіміздің жемісі. Осыны сезінудің өзі – үлкен қуаныш, мақтаныш, – дейді Аян Әшімұлы. Ол жас мамандардың жаңа буыны да өз кәсіпорнына деген

құлшыныспен, сүйіспеншілікпен қызмет етсе, онда жастарға да, комбинаттың болашағына да сенуге болады дейді.

Аян Әшімұлының жылдар бойғы адал еңбегі елеусіз қалған жоқ. Ол кәсіпорынның «Еңбек сіңірген қызметкері», «Комбинаттың еңбек ардагері», «Комбинаттың Құрметті еңбек ардагері» атақтарының иегері. 2022 жылы «ҰАК «Қазатомөнеркәсіп» АҚ 20 жылдығына арналған мерейтойлық белгімен, сонымен қатар, бірнеше мәрте Алғыс хаттармен, Құрмет грамоталарымен марапатталған. Бұл оның жоғары кәсібилігін, адалдығын және кәсіпорынның дамуына көп жылдан бері қосқан үлесін лайықты бағалау екені сөзсіз.

Ол еңбек жолындағы табандылығымен қатар, отбасы өмірінде де үлгілі азамат. Аян отбасында бес бала тәрбиелеп отырған аяулы әке, берік шаңырақтың тірегі.

Аян Әшімұлының өмір жолы – кәсіби дамудың және еңбекке деген құрметтің үлгісі. Осындай азаматтар арқылы комбинаттың да, өңір өндірісінің де болашағы нық сеніммен қалыптасып келеді.

37 ЛЕТ ВЕРНОСТИ ПРОФЕССИИ И ЗАВОДУ



МАЭК всегда славился теми людьми, которые создают основу его устойчивой работы. Один из них — Әшім Аян Әшімұлы. Уже 37 лет он трудится на предприятии, пройдя путь от слесаря до руководителя цеха Ремонтного завода, неизменно демонстрируя высокий профессионализм, ответственность и преданность делу.

Родился Аян Әшім в 1970 году в селе Уштаган Мангистауской области. Свою трудовую деятельность на МАЭК он начал 15 августа 1988 года, устроившись

слесарем-ремонтником. Стремление к росту и желание совершенствоваться позволили ему со временем занять руководящие позиции: с 1999 года — мастер, с 2014 года занимал должность заместителя начальника цеха централизованного ремонта РЗ, а с 2015 года назначен начальником данного цеха.

Под его руководством сегодня ведутся работы по капитальному, текущему и аварийному ремонту оборудования ЗПДиПТВС. 97 сотрудников цеха трудятся на объектах по ремонту опреснительного комплекса, а при необходимости — на основных станциях.

За годы работы Аян Әшімұлы зарекомендовал себя как требовательный к себе и коллегам профессионал. Его спокойствие, надёжность и трудовая дисциплина вызывают уважение у всего коллектива. Он верит в будущее комбината, всегда был и остаётся ему верен.

– Самое важное в работе — осознание того, что наш труд помогает обеспечивать горожан светом, теплом и водой, делая их жизнь комфортнее и стабильнее, – говорит Аян. Он мечтает, чтобы новое поколение молодых специалистов трудилось с таким же рвением и любовью к своему предприятию и, верит в молодёжь и в будущее комбината.

За годы добросовестного труда на МАЭК Аян

Әшімұлы был неоднократно отмечен различными наградами. Он удостоен Благодарностей и Почётных грамот предприятия, носит звание «Заслуженный работник», «Ветеран труда комбината», а также «Почётный ветеран труда комбината». Кроме того, награждён юбилейным знаком в честь 20-летия АО «НАК «Казатомпром». Эти награды — признание его

высокого профессионализма, преданности делу и многолетнего вклада в развитие предприятия.

Но кроме трудовых достижений, он также является примером и в личной жизни — отец пятерых детей, глава крепкой и дружной семьи. Его жизненный путь — это образец силы характера, стабильности и преданности, как в профессии, так и в семье.

ЕҢБЕГІМЕН ЕЛЕНГЕН

Аният Гаджимурадовқызы Савзиханова — «МАЭК» ЖШС Жылу электр станциясында 34 жылдан бері адал еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі маман. Бүгінде ол станцияның қазандық-турбиналық цехында 5-разрядты компрессорлық қондырғылардың машинисі болып табысты еңбек етіп жүр. Оның кәсіпорындағы еңбек өтілі — 34 жыл.

МАЭК-тегі еңбек жолын 1991 жылы қарапайым қызметкер ретінде бастаған Аният Савзиханова өзінің жауапкершілігі және адал еңбегімен ерекшеленіп, басшылықтың сеніміне ие болды. Көп ұзамай ЖЭС ҚТЦ-1 басшысы Геннадий Иванович Красильников оған жаңа мамандықты игеруге ұсыныс жасады. Аният әр жұмыс күндерінің соңында тәлімгерден сабақ алып, тәжірибе алу үшін қалып жүрді. Осылайша, ол 1996 жылы компрессорлық қондырғылардың 5-разрядты машинисі қызметіне ауысып, күрделі техникалық мамандықты меңгерді, білікті машинист болып қалыптасты.

Бүгінде ол цех ұжымы құрмет тұтатын ең сенімді және шебер мамандардың бірі. Жабдықтардың жұмысын жауапкершілікпен қадағалап, қондырғыларды жөндеуге шығаруды және оларды жөндеуден кейін қайта қабылдауды да өзі ұйымдастырады. Оның басты міндеті - ЖЭС өндірістік алаңдарына ауаның тұрақты берілуін қамтамасыз ету. Өзі айтқандай, «Барлық компрессорлар бір мезгілде тоқтаусыз жұмыс істеп тұрса — менің де жаным тыныш. Сондықтан, олардың үзіліссіз жұмысы менің жіті бақылауымда».

Еңбек жолындағы ең қиын кезеңдер - жабдықтар жиі-жиі істен шығып, үнемі жөндеуді қажет еткен кезеңдер еді. Алайда қазіргі таңда өндіріске жаңа жүйелер енгізіліп, мұндай проблемалар әлдеқайда азайды.

Аният Гаджимурадқызы жастарға үнемі батыл болуға кеңес береді: «Жаңа жұмыстан қорықпаңыздар. Бастапқыда түсініксіз көрінсе де,

бәрін үйренуге болады. Тек сонда ғана биікке көтеріле аласыздар», — дейді ол.

Көп жылғы адал еңбегі мен кәсіби шеберлігі үшін ол бірнеше мәрте марапатталды. Олардың қатарында «МАЭК еңбек сіңірген қызметкері», «Комбинаттың еңбек ардагері», «Құрметті еңбек ардагері» атақтары және кәсіпорынның Құрмет грамоталары бар.

Жұмыстан тыс уақытта Аният Гаджимурадқызы — қамқор ана, сүйікті әже. Ол бос уақытын отбасымен, немерелерімен бірге өткізгенді ұнатады. Сондай-ақ, оның сүйікті ісі — қысқа арналған тағамдар мен тосаптар дайындау. Аният қызметте мақтаулы маман, үйде жанұяның жылулығын, дастарханның берекесін ойлайтын мейірімді, бақытты ана.



УЧИТЬСЯ И НЕ СДАВАТЬСЯ



Трудолюбие, инициативность и желание учиться — именно эти качества когда-то определили судьбу Аният Гаджимурадовны Савзихановой. Сегодня она работает машинистом компрессорных установок 5 разряда в котлотурбинном цехе ТЭС ТОО «МАЭК», а общий стаж в отрасли у неё уже 34 года.

На предприятие Аният пришла в 1991 году — тогда ещё уборщицей служебных помещений. Затем работала уборщицей производственных помещений в котлотурбинном цехе. Но её старание и ответственность не остались незамеченными. Геннадий Иванович Красильников, начальник КТЦ-1 ТЭС увидел в молодой сотруднице потенциал и сам предложил обучить её новой профессии. После своей основной смены Аният оставалась на «курсы», которые ей проводил наставник. Так в 1996 году она уже стала полноценным машинистом компрессорных установок

5 разряда.

Сегодня она — один из самых надёжных и уважаемых специалистов цеха. Ответственно и добросовестно следит за оборудованием, самостоятельно организует вывод установок в ремонт и приёмку их после ремонта. Её зона ответственности — обеспечение стабильной подачи воздуха на производственные площадки ТЭС. Как говорит сама Аният, в работе ей больше всего нравится, когда все компрессоры в строю и работают без сбоев — именно в такие моменты она может быть спокойна за своё дело.

Самым трудным этапом в карьере Аният вспоминает времена, когда приходилось работать с постоянно выходящим из строя оборудованием. Сейчас, по её мнению, с внедрением новой системы подобных проблем стало значительно меньше.

Молодым она всегда советует не бояться новой работы. «Беритесь за всё, что кажется непонятным — только так вы сможете покорить новые вершины», — делится Аният.

За многолетний добросовестный труд Аният Гаджимурадовна удостоена многих почётных наград: звание «Заслуженный работник МАЭК», «Ветеран труда комбината», «Почётный ветеран труда», Почётные грамоты предприятия.

А за пределами работы она — заботливая бабушка. В свободное время с радостью проводит дни с семьёй и внуками. Ещё одно её увлечение — заготовки и консервирование: как и любая настоящая хозяйка, Аният отлично готовит зимние закрутки, наполняя дом уютом и теплом.

ЕҢБЕК ЕТСЕҢ ЕРІНБЕЙ...



Есет Сейітжанов - жас болса да, өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын еңбекқор жігіт. Ол 2016 жылы Жөндеу зауытының №5 күрделі жөндеу цехында 4-разрядты қазандық жабдықтарын жөндеу слесарі болып еңбек жолын бастады.

«Алғашқы күндерден бастап ол өзінің бастаған ісін тындырып атқаратын жауапты әрі жігерлі жігіт екенін көрсетті. Жұмыстың қыр-сырын тез игеріп, аз уақытта кәсіби шеберлердің қатарына қосылды», - дейді цех бастығының орынбасары Есбол Жұмабаев.

Есет білімі мен тәжірибесін жетілдіре жүріп, өз дәрежесін 2017 жылы 5-разрядқа, ал 2024 жылы 6-разрядқа көтеруге мүмкіндік алды. Қазіргі таңда ол цехтағы өндірістік міндеттерді сапалы әрі сенімді

орындайтын білікті мамандардың бірі.

«Жұмыстың ауыры бар, жеңілі бар. Мен қандай тапсырма болмасын кідіртпей, тиянақты орындағанды жақсы көремін. Кейде қарапайым жөндеулердің өзі тым көп уақыт алып кетеді. Сонда да болса тапсырмаларды жоспарға сәйкес, уақытылы аяқтауға тырысамыз. Жалпы жабдықтардың тиімді қызметі біздің жұмысымыздың сапасына байланысты. Сондықтан, біз өмірлік маңызы бар іс атқарып жүрміз дередім», - дейді ол.

Есет үлгілі отбасының отағасы, жақсы жар, қамқор әке. Сонымен қатар, ән-жырға жаны құмар талантты жігіт. Жұмыстан тыс уақытта түрлі іс-шаралар мен мерекелерде ән салып, көпшіліктің құрметіне бөленіп жүр. Бұл оның қызметінде өзі айтқандай, жаңа кәсіби мақсаттарға жетуге күш-қуат пен шабыт береді.

Алдағы уақытта Есет қазандық агрегаттарын толық меңгеріп, цех мастері болуды көздейді. Осындай табандылық пен еңбекқорлықтың арқасында оның бұл биікті де бағындыратыны сөзсіз!

ЛЮБИМОЕ ДЕЛО ВДОХНОВЛЯЕТ



Молодой, трудолюбивый и увлечённый своим делом, Есет Сейітжанов давно завоевал уважение коллег и доверие руководства. Свой путь на предприятии специалист начал в 2016 году, когда пришёл работать слесарем по ремонту котельного оборудования 4 разряда в Цех капитального ремонта №5 РЗ.

«С первых же дней он проявил себя как человек ответственный и внимательный к деталям. Быстро освоил все тонкости работы, постоянно стремясь развивать профессиональные навыки», - отмечает Есбол Жумабаев, заместитель начальника ЦКР №5 РЗ.

В 2017 году Есет повысил квалификацию до 5 разряда, а в 2024 году — уже до 6-го. Сегодня молодой человек уверенно справляется с самыми разными производственными задачами. Признаётся, что самое приятное для него — видеть результат: когда оборудование после ремонта работает идеально, а все показатели в норме.

«Бывают как сложные, так и простые задачи. Выполняем любую из них. Иногда даже обычный

ремонт может занять больше времени, чем ожидалось, но мы всегда стремимся придерживаться плана и соблюдать сроки. Эффективность работы оборудования во многом зависит от качества нашей работы. Поэтому я считаю, что мы выполняем действительно важную и ответственную задачу», - говорит Есет.

Вне работы Есет — человек семейный. Он с радостью говорит о своих детях — дочери и двух сыновьях. А ещё у него есть хобби: пение. По выходным он с удовольствием выступает на различных мероприятиях. Любимое дело помогает ему набираться энергии и вдохновения для новых профессиональных целей.

Сегодня Есет ставит перед собой новые задачи: полностью освоить котельные агрегаты и в будущем стать мастером цеха. Уверены — с таким отношением к делу у него всё получится!



ЖАЗ ЖАЙНАТЫП, КҮН КҮЛДІРІП

Осы айдың 8 жұлдызында «Фламинго» лагерінде МАЭК қызметкерлерінің балаларына арналған жазғы маусымның салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Биыл бас директор Кеңес Орақовтың бастамасымен, ұзақ үзілістен кейін, жергілікті лагерь жас демалушылар үшін қайтадан өз есігін айқара ашты. 300 бала теңіз жағасында орналасқан лагерьге жайғасып, жазғы қызықты оқиғаларға белсене кірісіп кетті. Бар-жоғы бірнеше күн ішінде балалар бірігіп, кеш қонақтарына арналған концерттік бағдарлама дайындап үлгерді.

Салтанатты іс-шарада «МАЭК» ЖШС Бас директорының әлеуметтік және корпоративтік мәселелер жөніндегі орынбасары Ерқанат Ибадуллаев құттықтау сөз сөйлеп:

«Бірнеше жылдық үзілістен кейін біз балаларымызға Каспий теңізінің жағасындағы демалысты қайта сыйлай алдық. Бұл – қаланы жарықпен, жылумен және сумен қамтамасыз етіп жүрген ата-аналарының еңбегіне деген алғысымыздың белгісі», – деп атап өтті.

Сонымен қатар, кәсіподақ төрағасы Асланбек Өтебаев комбинат басшылығына алғыс білдіріп, лагерьдің маусымға жоғары деңгейде дайындалғанын ерекше атап өтті.

«Фламинго» лагерінде өткізген күндері балалардың жүрегінде достыққа, шаттыққа және шабытқа толы жарқын естеліктер болып қалсын деп тілейміз. Бүгінде ауысым аяқталып, балалар үйлеріне оралды.



ЛЕТО НАЧИНАЕТСЯ У МОРЯ

8 июня в детском лагере «Фламинго» состоялось торжественное открытие летнего сезона для детей сотрудников ТОО «МАЭК».

В этом году по инициативе генерального

директора Киниса Уракова, после долгого перерыва, местный лагерь вновь распахнул свои двери для юных отдыхающих. Трёхсот мальчишек и девчонок встретили тёплый морской бриз и

радушная атмосфера на побережье Каспийского моря. Уже с первых дней смены ребята окунулись в насыщенную лагерную жизнь — новые знакомства, увлекательные занятия, спортивные состязания и творческие вечера быстро объединили детей в дружный коллектив.

Одним из ярких моментов первых дней стал концерт, подготовленный самими ребятами — они с энтузиазмом представили музыкальные и танцевальные номера для гостей лагеря. С тёплыми словами к детям и их родителям обратился заместитель генерального директора по социальным и корпоративным вопросам Ерқанат Ибадуллаев: «После нескольких лет перерыва мы



снова можем подарить нашим детям отдых на берегу Каспийского моря. Это наш способ выразить благодарность их родителям — тем, кто ежедневно обеспечивает свет, тепло и воду всему городу».

Председатель профсоюза Асланбек Утебаев также выразил признательность руководству компании за поддержку социальных инициатив и отметил высокий уровень подготовки лагеря к новому сезону.

Пожелаем ребятам, чтобы дни, проведённые в «Фламинго», остались в их памяти яркими, полными дружбы, радости и вдохновения. Сегодня смена уже завершилась, дети вернулись домой.



АРДАГЕР СПОРТШЫНЫҢ СОҢҒЫ ТУРНИРИ



Маусым айында кәсіпорынның еңбек ардагері, спорт шебері Литвинов Андрей Филиппович және «Орбита» командасы әуесқой командалар арасында баскетболдан 3х3 форматында бір күндік турнир

ұйымдастырды. Жарыс теңіз жағасында орналасқан баскетбол алаңында өткізілді. Ойынды тамашалауға шынайы жанкүйерлер мен спорт сүйер қауым жиналды. Турнирге 10 команда қатысты. Бірінші орынды «Ақтау» командасы, екінші орынды «New river» командасы, үшінші орынды «Каспий офис» командасы иеленді, ал төртінші орын «Орбита» командасының жігіттеріне бұйырды.

Белгілі баскетболшы Андрей Филиппович кәсіпорынның еңбек сіңірген қызметкері. Ойынға қатысушылар ардагер спортшыны Маңғыстау облысының баскетбол спортын дамытуға қосқан көп жылдық үлесі үшін арнайы кубокпен марапаттап, алғыстарын жеткізді. Ол кәсіпорында үздіксіз 45 жыл еңбек етті, 2017 жылдан бастап Желілер мен қосалқы станциялар цехын басқарды. Көп жылдар бойы ол «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК спартакиадасының бірнеше мәрте жүлдегері

атанған кәсіпорынның баскетбол командасын жаттықтырды.

Кәсіпорынның жыл сайынғы Спартакиадасы аясында өткізілетін бөлімшелер арасындағы баскетбол жарыстарында ол дәстүрлі түрде төреші ретінде қатысып, өзінің бай тәжірибесі мен спортқа деген сүйіспеншілігін жастарға үйретіп келеді.

Осы өткізілген турнирмен Андрей Филиппович өзінің баскетбол спортындағы мансабын аяқтады. Оның ойынға, командаға және кәсіпорынға деген адалдығы, шынайы еңбекқорлығы мен спортқа деген сүйіспеншілігі жас буынға үлгі болары хақ. Бұл жолғы турнир - ардагер спортшының баскетбол мансабындағы жарқын әрі мағыналы қорытынды шара болды.



БАСКЕТБОЛЬНАЯ ГЛАВА ЗАВЕРШЕНА

В июне ветеран нашего предприятия, мастер спорта Литвинов Андрей Филиппович и команда «Орбита» организовали однодневный турнир по баскетболу в формате 3х3 для любительских команд. Соревнования прошли на баскетбольной площадке, расположенной на берегу моря, и собрали настоящих поклонников игры. В турнире приняли участие 10 команд. Первое место заняла команда «Ақтау», второе - команда «New river», третье место у команды «Каспий офис», четвертыми стали ребята из команды «Орбита».

Андрей Филиппович, ветеран баскетбола и заслуженный работник предприятия, был отмечен участниками турнира специальным кубком — в знак признания его многолетнего вклада в развитие баскетбола Мангистауской области. 45 лет он проработал на предприятии, с 2017 года возглавляя Цехом сетей и подстанций. Много лет он также тренировал баскетбольную команду предприятия, которая неоднократно становилась призёром спартакиады НАК «Казатомпром».

В рамках ежегодной Спартакиады МАЭК проходят соревнования по баскетболу среди подразделений, в которых Андрей Филиппович традиционно выступает в роли судьи, продолжая передавать свой опыт и любовь к игре новым поколениям.

Проведённым турниром Андрей Филиппович завершил свою баскетбольную карьеру, поставив красивую точку в многолетней истории, наполненной преданностью спорту и команде.

